

Ибраимова Аяулым, Толегенова Аяжан  
Семей қаласы, «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК  
Мамандығы, курсы: 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен  
әдістемесі», 2 курс  
Ғылыми жетекші: Сахариева З.Д.

## **БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

### **Аннотация**

Мақалада педагогикалық технологиялардың маңызы, түрлері туралы ғылыми еңбектер қарастырылады. Әртүрлі оқыту технологияларын оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне орай таңдап, тиімді пайдаланудың маңызы туралы баяндалады.

### **Аннотация**

В статье рассматриваются научные труды о значении, видах педагогических технологий. Делается вывод о важности эффективного использования различных технологий обучения в зависимости от возрастных и индивидуальных особенностей учащихся.

### **Annotation**

The article discusses scientific works on the meaning and types of pedagogical technologies. The conclusion is made about the importance of the effective use of various learning technologies depending on the age and individual characteristics of students.


Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабында білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану деп көрсетілген [1].

«Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» атты оқу құралында А.Әлімов былай дейді: «Егер бұрынырақта ақпараттың жетіспеушілігі білім игерудің ең басты проблемаларының бірі болса (әр пән бойынша екі-үш оқулық қана, дерек көздерінің жетіспеушілігі), бүгінде, керісінше ақпараттың адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен шамадан тыс көптігі проблема болып табылады. Қазіргі замандағы ақпараттың орасан зор мөлшері (кітаптар, интернет т.б.) адамнан бұрынғыдай мағлұматты іздестіріп қана қоймай, қажетті мәліметті таңдауды, оны игеруді, қажетіне жаратып, пайдалануды, оны бағалауды талап етеді» дейді [2,7]. Педагогикалық технологиялар, ақпараттық технологиялар туралы ғылыми

еңбектер, ақпараттар өте көп. Тек оны зерделеп, саралап пайдалана білу керек. Болашақ маман ретінде оқыту үдерісінде оқытудың жаңа технологияларын қолдану мақсатында ғылыми-зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, педагогикалық технология ұғымын, түрлерін, ерекшеліктерін қарастырдық.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болатын ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы [3,10]. Оқыту технологиясы - оқыту үрдісінде алдын ала жоспарланған, оқытудың диагностикалы қойылған мақсатына практикада жүйелілік және бірізділікпен жету құралдары [3,36]. Оқу технологиясын жете білудің өзі - шеберлік. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; оқу үдерісін оқушының сезінуі. Оқытудың педагогикалық технологияларының бірі ретінде педагогика ғылымның докторы Ж. Қараевтың «Деңгейлеп саралап оқыту», жаңаша оқытудың сара жолын салушы Қанипа Бітібаеваның «Әдебиетті жаңаша оқытудың әдістемесі мен технологиясы», Л.В.Занковтың «Дамыта оқыту», Н.Оразақыновтың «Сатылай кешенді ойлау», М.Жанпейісованың «Интерективтік модульдік оқытуы» т.б. атауға болады.

«Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» атты еңбегінде Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова қазіргі кезде технологияда білімді меңгерудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесіне негізделген білімді меңгеру деңгейіне қойылатын талапты төмендегі сызбамен көрсетеді.



**1-сурет.** Білім жүйесінің сызбасы деңгейлері



**1-сызба.** Білімді меңгеру

Шығармашылық деңгейге жету жолында «миға шабуыл», дебат, жоба жасату, қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі қолданылады [3, 23-25]. Педагогикалық технологияларды дұрыс жобалау үшін міндетті түрде төмендегі 5 элемент болуы қажеттігін атайды:

✓ **Мақсат қою.** Бұл бөлімнің орындалу нәтижесі оқу мақсаттарын құру. 2-5 минут аралығында болады.

- ✓ **Болжау.** Әрбір шағын мақсатқа сәйкес болжау жұмысы болады және ол шағын мақсаттың орындалуын анықтайды.
- ✓ Деңгейлік мөлшерде саралап алынған тапсырмалар жиынтығы (оқушылардың сыныптан тыс өз бетімен орындайтын жұмыстар).
- ✓ **Логикалық құрылым.** Шағын мақсаттық мазмұны мен саны оқушылардың даму аймағын және уақыт бойынша әр аймақтың ұзақтығын орындаумен аяқталады.
- ✓ **Түзету.**

Және педагогикалық технологияларды пайдалану қызметі бойынша төмендегідей топтастырады:

I. Педагогикалық үдерісте жеке тұлғаның бағыты негізінде педагогикалық технология.

- Педагогикалық қарым-қатынас технологиясы.
- Алтынсариннің педагогикалық технологиясы.
- Амонашвилидің ізгілік технологиясы.

II. Оқушының іс-әрекетіндегі белсенділікті арттыру негізіндегі педагогикалық технология.

- Ойын технологиясы.
- Проблемалық оқыту технологиясы.
- Оқыту материалдарын тірек сызбалар, тірек конспектілері және модельдеу арқылы қарқынды оқыту технологиясы (Шаталов).

III. Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технология.

- Миға тұтқиылдан шабуыл жасау технологиясы.
- Деңгейлеп оқыту технологиясы (Қараев).
- Жекелей оқыту технологиясы (Инге Унг және Шадриков).
- Бағдарламалық оқыту технологиясы.
- Ұжымдық оқыту технологиясы (Дяченко, Ривин).
- Топтық оқыту технологиясы.
- Компьютерлік оқыту технологиясы.

IV. Дидактикалық білім көтеру және материалды педагогикалық технологиялар.

- Дидактикалық бірліктерді ірілендіру (Эрдниев).
- Ақыл-ой іс-әрекетін сатылай қалыптастыру теориясын игеру технологиясы (Валович).

V. Жеке пәндік педагогикалық технологиялар.

- Сатылай талдап оқыту технологиясы (Оразақинова).
- Бітібаеваның дамыта оқыту технологиясы.
- Жанпейісованың модульдық оқыту технологиясы.
- Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы.

VI. Альтернативті педагогикалық технология

- Вольдорф педагогикасы (Штэйнер).
- Еркін еңбек технологиясы (Ферт).
- Ықтималдық білім технологиясы (Лобок).

## VII. Табиғи байқағыштық технологиялар.

- Табиғи байқағыштық арқылы сауаттылыққа тәрбиелеу.
- Өзіндік дамыту технологиясы (Монтессори).

## VIII. Дамыта оқыту технологиялары.

- Дамыта оқыту жүйесі.
- Жеке тұлға бағытындағы дамыта оқыту жүйесі (Якиманская).
- Дамыта оқыту технологиясы (Давыдов, Эльконин).
- Өзіндік дамыта оқыту технологиясы (Семеко) [3, 59].

Аталған технологиялардың мақсаты, ерекшеліктері, талаптары және технологияның жүргізілу кезеңдері, тәрбиелік мәні, принципі, мазмұндық ерекшеліктерін сипатталады.

Қ.Бітібаеваның «Дамыта оқыту технологиясы», Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясы» және А.Қозыбай, Н.Жексенбиеваның «Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары», К.С.Құдайбергенованың «Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі», Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технология» еңбектерінде баяндалған технологиялардың ерекшелігі және тиімділігі - оқушылардың өзіндік білімге қол жеткізуі.

«Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаз Қ.Бітібаева. Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу - ұстаз тарапынан, ойлану - шәкірт тарапынан, ойланту - (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. «Ойланту, ой салу, ойлану» технологиясы арқылы:

- Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;
- Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді;
- Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді /мағынаны тану кезеңінде/;
- Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды;
- Өздеріне белгіліні пайдалана алады;
- Өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс табады [4].

Қ.Бітібаеваның атаулы еңбектері оқушының, ұстаздың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға негізделе отырып:

- іс жүзінде болашағы бар білім беру мақсатын жүзеге асыру;
  - әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына жағдай жасау;
  - білімді меңгерудегі өз жетістіктерін бағалаудың, өз білімдері мен іскерліктерін дамытудың жолдарын анықтау;
  - әрбір оқушының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістік деңгейін бағалау мүмкіндігін беру;
  - оқушының әлеуметтік біліктілігін қамтамасыз етумен шұғылданады.
- Әдебиетті тереңдетіп оқытудың сара жолын салған әдіскер-ғалым Қанипа «Қазақ

әдебиетін оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» атты еңбегінде атаулы мектеп қызметінің құндылығы, әсіресе, оқулық, бағдарлама, оқу-әдістемелік құралдарын жазуда ауыл, қала мұғалімі мәселелері толық қамтылуында,- дейді Құдайбергенова К.С. [5].

Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының оқыту технологиясының құрылымын төмендегідей келтіруге болады:

1. Проблемалық ситуация қою технологиясы – тақырыптық жоспар құрып, көмек-карточка немесе мәселелік тапсырма тәсілдерімен, практикалық жұмыс арқылы жасату.
2. Жеделдетіп оқыту технологиясы – алдын-ала тапсырмалар жүйесінен тезис-жоспар жасап, цитатты-пікір дәлелдеме, тезис-аннотация, лекция, баяндама т.б жаздыру.
3. Ұжымдық оқыту технологиясы – өздік, жұптық, ұжымдық, қорытынды баға шығарып, топтық жұмыстар ұйымдастыру.
4. Шығармашылық жұмыстарға баулу технологиясы – іздендіруші тапсырмалар жүйесін жасап, интервью-тест, резюме жаздыру, пресс-конференция сабақтарын өткізу.

Осындай технологияларды оқу-тәрбие жұмысында оқушының жеке басын дамытуға, оқушылардың ойлау, шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталып отырады. Қорыта айтқанда, технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқушылардың ішінен дарынды, қабілетті оқушыларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттыру.

Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те әдіс жоқ. Олақтылық белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу... Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деген екен. Оқыту барысында озық технологияларды тиімді қолдану оқушының белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өз бетінше білім алуға көмектеседі. Жаңа технологияны пайдалану мұғалімнің өзін-өзі дамытуына көмектеседі. Қазіргі кезде ғылыми ақпараттың жедел өсуіне байланысты білім алушылардың өздігінен білім алып, өздігінен оқып-үйренуі өте маңызды.

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінде қолданылатын педагогикалық технологиялар көптеп саналады. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне орай таңдап, тиімді пайдаланудың маңызы зор. Біз қазіргі қолданыстағы кең таралған технологияларды атап, олардың ерекшеліктерін қарастыруға тырыстық. М.Әуезов «Абай – жатқан бір дария, ал мен одан шөміштеп қана алдым» дегендей, педагогикалық технологиялар туралы жазылған ғылыми еңбектерді болашақ ұстаз ретінде оқып, зерттеу үстіндеміз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz)  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. Әлімов А. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. –Астана: «Педагогикалық шеберлік орталығы» «НЗМ» ДББҰ, 2014.
3. Бөрібекова Ф.Б, Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014.
4. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Бірінші кітап. – Алматы, 2012.
5. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі. – Алматы, 2001.